

## Үйсіндер археологиясы: зерттеу нәтижелері мен таласты мәселелер

Айнагүл С. Ганиева,<sup>1</sup> Айгерім Е. Айтбаева,<sup>2</sup> Әлия М. Манапова<sup>3</sup>

Ә.Х. Марғұлан атындағы Археология институты, Алматы, Қазақстан

E-mail: [ganieva@mail.ru](mailto:ganieva@mail.ru)

[aitbaeva84@mail.ru](mailto:aitbaeva84@mail.ru)

[merekeevna@mail.ru](mailto:merekeevna@mail.ru)

<sup>1</sup> <https://orcid.org/0000-0002-2844-6819>

<sup>2</sup> <https://orcid.org/0000-0003-1991-7508>

<sup>3</sup> <https://orcid.org/0000-0003-1091-0211>

DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-7255-2023-145-4-58-73>

**Аңдатпа.** Мақалада Жетісу өңірін мекендеген ежелгі үйсіндердің мәдениетін (б.д.д. II – б.д. IV ғғ.) археологиялық зерттеу тарихы қарастырылады. Аталған өңірінде XIX ғ. аяғынан бастап ерте темір дәуірі археологиясы бойынша зерттеулер белсенді жүргізілді. Осы дәуірдің негізгі нысандары сақ-үйсін уақытының ескерткіштерімен ұсынылған. Экономиканың ерекшеліктерін, этномәдени өзара байланыстарын, мемлекеттіліктің қалыптасу тарихын, хронология мәселелерін, үй құрылысы дәстүрлерін қайта құрудың негізгі дереккөзі болып табылатын археологиялық материалдарды түсіндіруге негізделген ғалымдардың еңбектеріне ерекше назар аударылады. А.Н. Бернштам, К.А. Ақышев, К.М. Байпақов және басқа да бірқатар ғалымдардың ғылыми тұжырымдары негізгі назарға алынды. Жетісу мен Тянь-Шань көшпенділерінің мәдениетін дамытудағы сабақтастық сақ және үйсін кезеңдерінде, кем дегенде мың жыл бойы этногенетикалық байланыстар болғандығын куәландырады. Тақырып бойынша материалдарды талдау барысында, үйсін тайпаларының жергілікті негізде дамығаны, сақ мәдениетімен байланысы анық байқалады. Үйсіндер тарихына арналған теориялық еңбектерінде ежелгі Жетісу тұрғындарының шаруашылығы, этномәдени дамуы мен діни нанымдарын талдау міндеттері қойылды. Сонымен қатар, соңғы онжылдықтардағы зерттеулер үйсін тайпаларының таралу шекарасын Қазақстанның шығыс шегіне дейін кеңейтеді. Мұндай талдау отандық тарихнамада қалыптасып келе жатқан деректану мен тарихнамалық зерттеулерді одан ары дамытуға септігін тигізеді.

**Түйін сөздер:** үйсін; Жетісу; ерте темір дәуірі; тарихнама; мал шаруашылығы; егіншілік; қоныс; отырықшы.

Received 01.08.2023. Revised 31.08.2023. Accepted 15.10. 2023. Available online 30.12.2023.

For citation:

Ganieva A., Aitbayeva A., Manapova A. Archaeology of the Usuns: the results of the study and problematic issues // Bulletin of the L.N. Gumilyov ENU. Historical sciences. Philosophy. Religion Series. 2023. – Vol. 145. – No. 4. – P. 58-73. DOI: 10.32523/2616-7255-2023-145-4-58-73

Для цитирования:

Ганиева А., Айтбаева А., Манапова А. Археология усуней: итоги изучения и проблемные вопросы // Вестник ЕНУ им. Л. Гумилева Серия: Исторические науки. Философия. Религиоведение. – 2023. – Т. 145. – №4. – С. 58-73. DOI: 10.32523/2616-7255-2023-145-4-58-73

**Кіріспе.** Мақалада зерделеніп отырған тақырып тарихи-географиялық аумақ – оңтүстік-шығыс Қазақстан мен Солтүстік Қырғызстанды қамтитын, солтүстігінде Балқаш көлі, солтүстік-шығысында – Сасықкөл және Алакөл көлдері, шығысында – Жоңғар Алатауы, оңтүстік-батысында – Тянь-Шань таулары ортасындағы Жетісу өңіріне арналған. Өлке солтүстіктен оңтүстікке қарай 900 км, батыстан шығысқа қарай 800 км созылды. Ежелгі мекен түрлі тұрғындардың тарихи тағдырларын дамытуда маңызды рөл атқарған бірегей табиғи-климаттық өңір болды. Жетісу тарихын зерделеуде алғашқы мемлекеттілікті құрған – сақтар мен үйсіндердің этносаяси құрылымы ерекше орын алатыны белгілі. Сақ-үйсін дәуіріндегі жерлеу-ғұрыптық нысандарының шоғырлануы Жетісуды белгілі бір тайпалар конфедерациясына тиесілі аумақ ретінде бөлуге мүмкіндік береді. Ғылыми мақаланың мақсаты – отандық тарихнамада бір ғасырда жинақталған үйсіндер археологиясының өзекті мәселелерін талдау, міндеттері мен әдістерін жүйелеу, қазіргі жағдайын бағалау болып табылады. Қазіргі уақытта ғылыми зерттеулер жинақталғанымен, әлі толық жүйеленбеген. Қазба жұмыстары кезінде алынған материалдар ғылыми басылымдарда сапалы ұсынумен қатар, оларды жан-жақты зерттеуді, теориялық сипаттағы және хронология мәселелерге ерекше назар аударуды қажет етеді. Ғылыми талдау жекелеген мәселелерді талқылауға бағдарланған тарихнамалық жұмыстарды дайындау қажеттігін арттырады. Сонымен қатар, салыстырмалы болжамдарға сүйене отырып, Жетісудың үйсін кешендерін зерттеу тарихына жүгіну ғылыми ізденістерді көрсетуге және түзетуге мүмкіндік береді.

**Жұмыстың әдіснамалық негіздері.** Мақалада деректанулық, нақты-тарихи және тарихи-археологиялық зерттеулердің дәстүрлі әдістері қолданылды. Жұмыстың әдіснамалық негізін сол кездегі тарихи даму үрдісімен бірге қарастыратын тарихилық принципі, субъективті және эмоционалды көзқарасқа ие зерттеушілердің ғылыми мұрасына талдау жасау үшін маңызы зор ғылыми объективтілік принциптері құрады. Аталған әдістерді кешенді қолданудың нәтижесінде сақ-үйсін мәселелерін зерттеушілердің отандық археология ғылымына қосқан үлесін бағалауға тырыстық.

Қазақстан археологиясы мәселелері бойынша жекелеген отандық археологтардың теориялық ұстанымдарын салыстыру кезінде салыстырмалы-тарихи және тарихи-генетикалық әдістер қолданылды. Зерттеушілердің пікірлері мен тұжырымдарын талқылауда тарихнамалық зерттеулер әдіснамасы қолданылып, авторлар логикалық әдіске жүгінді.

#### **Тарихнамалық талдау.**

XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басында Түркістан археология әуесқойлары үйірмесінің ең көрнекті өкілдерінің бірі Н.Н. Пантусов Жетісуда зерттеу жүргізді. Мамаңдығы бойынша шығыстанушы бола тұра, ғалым көне мұраларды жинақтап, сипаттап, жүйеледі, сонымен қатар кездейсоқ табылған құнды заттарды жариялап отырды. Н.Н. Пантусов 1889 жылы археологиялық комиссияның тапсырмасы бойынша Весновка өзенінің оң жағалауындағы және Қарасу мен Үлкен Алматы өзендерінің арасында орналасқан үш обада қазба жүргізді (Пантусов, 1899). Келесі жылы Қапал маңындағы Қызылағаш шатқалында бірнеше обада қазба жүргізді (Пантусов, 1890: 124).

В.В. Бартольдтың «Жетісу тарихы туралы очеркі» (1898) шығыс дереккөздеріне сүйеніп жазылған Жетісуда қоныстанған ежелгі және ортағасырлық тайпалардың саяси өмірін сипаттайтын алғашқы фундаменталды еңбек. Мұндағы арнайы бөлім осы тайпаларға қатысты барлық жазбаша мәліметтерді жинауға және жүйелеуге арналған. Алғаш рет олардың тарихи тіршілігі суреттелді, өңірдің тарихнамасында көрнекті орын алатын ғалымның еңбегі бүгінде орасан зор маңызға ие. Алайда В.В. Бартольдтың өзі жазбаша дереккөздер жетіспейтіндігін, археологиялық материалдармен толықтыру қажет екендігін түсінді (Бартольд, 1943: 23).

XX ғасырдың 20-жылдарынан бастап қазіргі уақытқа дейін Жетісу археологиясы бұрынғы КСРО мен Тәуелсіз Қазақстанның бірқатар ірі ғылыми мекемелерінің ғылыми ізденістерінің объектісі болып келеді.

1920-жылдардың соңында Жетісуда археологиялық қазба жұмыстары жүргізіле бастады. 1927–1929 жылдары Шелпек және Қаракөл ауылдарынан қорымдар қазылды. Қазба жұмыстарының авторлары М.П. Грязнов пен М.В. Воеводский материалдардың аздығына қарамастан ежелгі үйсіндердің экономикасы мен қоғамдық ұйымы, сондай-ақ қорымдардың мерзіміне байланысты бірқатар ғылыми мәселелерді қоя білді (Воеводский, Грязнов, 1938).

М.В. Воеводский мен М.П. Грязновтың еңбегі материалды талдау, зерттелген ескерткіштерді сипаттау және олардың этномәдени байланысын анықтауға, яғни, ежелгі үйсіндер мәдениетін ерекшелеуге бағытталды. Ғалымдар Солтүстік Қырғызстан аумағында үйсін жерлеу орнынан табылған күйген дөңдер, тары қауызы, тас диірмен секілді жәдігерлерге сүйене отырып, үйсіндер егіншілікпен айналысқан деген болжам жасады, алайда бұл теориялық болжамдарға нақты негіз керек еді, оның ішінде жерді өңдеу немесе егін жинау құралдары табылған кезде ғана егіншіліктің дамуы және егінді сол жерде өсіргені туралы нақты айтуға болады. Осындай дәлелдер көп жылдардан кейін Жетісу археологиялық экспедициясының Ақтасты қонысының ашылуымен нақтыланды.

1930-жылдары А.Н. Бернштамның басшылығымен КСРО Ғылым академиясының Қазақ филиалымен бірлесіп ұйымдастырған Жетісу мен Оңтүстік Қазақстандағы экспедициялық зерттеулер жетекші орын алатыны сөзсіз. Бұл зерттеулерге Қырғызстан, Оңтүстік Қазақстан, Тәжікстан, ішінара Өзбекстанның үлкен аумағы, зерттелетін ескерткіштердің хронологиялық шеңбері бойынша ауқымдылық тән болды.

А.Н. Бернштам Қазақстан мен Орта Азияның көне жәдігерлерін зерттеуге 20 жылдан астам уақытын арнады. Осы уақыт ішінде Қазақстанның оңтүстігінде және басқа да Орта Азия елдерінде жүргізілген көптеген археологиялық зерттеулер ғалым есімімен байланысты болды. Ол археологиялық барлау мен қазба жұмыстарын жүргізе отырып, археологиялық кадрларды даярлау мектебі болған ірі экспедициялардың ұйымдастырушысы және жетекшісі болды. Ғалым ескерткіштерге қазба жүргізіп, тарихына қалам тартқан үйсін тайпаларының тарихына тоқталайық. Үйсіндер туралы қытай деректерін тәржімалаған «Қытай жылнамаларындағы қазақ тарихының деректері (б.д.д. 177 – б.д. 222 жылдары)» атты Жақып Мырзаханұлы жетекшілігімен басылып шыққан еңбекте «Үйсін елі ұлы күнбидің қаласы Чегук қаласында. Чәң-аннан 8900 ли шалғай, 120 мың түтін, 630 мың адам, соғысқа жарамды 188800 адамы бар. Шығысынан батысқа дейін 1721 ли, батысынан қаңлының Пәннүт жеріне дейін 5000 ли. Жері ұлан-асыр жазық, ауа-райы жаңбырлы, салқын келеді. Тауларында қарағай, самырсын көп өседі. Жер жыртып, егін екпейді. Тұрғындары сулы, шүйгін қоныс қуалап көшпелі малшылықпен шұғылданады, әдет-ғұрпы ғұндарға ұқсайды. Елінде жылқы көп... Бұрын ғұнға бағынған, кейін келе күшейіп, номиналды бағыныштылықты ғана сақтап, Ғұн ордасына қол тапсырудан бас тартқан. Шығысы Ғұнмен, солтүстік-батысы Қаңлы, батысы Дад-уан, оңтүстігі қала мемлекеттермен іргелес», - деп маңызды деректерді береді (Қытай жылнамаларындағы..., 2006: 158).

А.Н. Бернштам Қазақстанның оңтүстігінде екі тайпалық бірлестік – қаңлылар мен үйсіндер қатар мекен еткеніне тоқталып, олардың шекарасы Талас өзені арқылы өткен деген пікірде болды. Сол себепті Шу өңірінен батысқа қарай орналасқан барлық обалардың қаңлыларға тән екенін айтса, Шу мен Талас өзенаралығының ескерткіштерін үйсіндерге тиесілі деп санады (Бернштам, 1941: 11). Келесі еңбегінде үйсін тайпалары таралған аумақ ретінде Ыстықкөл маңын, Шудан солтүстікке қарай Шу өңірін, Іле өзені бойы мен Іле Алатауын көрсетті (Бернштам, 1952: 213). Үйсін мәдениетін б.д.д. III ғ. аяғы - II ғ.-б.д. I ғ. деп кезеңдеп, жерлеу ғұрыптарындағы ерекшеліктер ретінде жалпы обалар сақтардікіне ұқсайды, тек тік қойылған тас қоршаулар өз тізбектерін өзгерткен дей келе, үйсін обалары биіктігі 5 м-ге дейін баратын үлкен обаларды ортаға ала, тізбектей созыла орналасумен қатар, еш тәртіпсіз де орналасатындығын да байқаған. Оба үйінділерінің әртүрлі болуы, ақыреттік заттарсыз жерлеу орындарының пайда болуы, бір обада аяқ-қолы байланған адамның күшпен жерлену белігісінің байқалуы – таптар пайда болуының алғашқы белгісі және құлдық институтының енуі деп көрсетеді. Жерлеу камерасының құрылысы

бойынша, ғалым Таластан шығысқа қарай орналасқан обалар (Шу мен Ыстықкөл бойы) салыстырмалы түрде кең камералы, Тянь-Шань шыршасы бөренелерімен қиғаштай жабылған жер қабірлер түрінде деп көрсетеді (Бернштам, 1952: 193).

А. Бернштам үйсін ыдыстары – сақ кезеңі ыдыстарынан жалғасын тапқанымен, ерекшелігі мата шаблонға жапсыру арқылы жасалғанын, алайда біршама жетілген, формасы жағынан симметриялы ыдыстар пайда болғандығын байқаған. Жалпы таластық және шулық обалардың қыш ыдыстарының ортақ ұқсастықтары – жұқа, сынғыш, қиыршық тасты және шала күйдірілгендігінде. Бұл кезеңде қола жебе ұштарының орнына темірден, сүйектен жасалған үш қырлы жебелер және темірден жасалған қимасында ромбы тәріздес ұштары бар жебелер пайда болады. Ал жерлеу бұйымдарынан табылған ерекше элемент ретінде А.Н. Бернштам шығу тегі қытайлық бояулар, жібек, нефриттердің табылуын көрсетеді (Бернштам, 1952: 194).

Зерттеуші үйсін мәдениеті «сақтық реализмнен» ерекшеленетін, геометриялық элементтер басымдыққа шыққан жаңа өрнектеудің дүниеге келгендігін сипаттап, үйсін кезеңінде сақтық мәнердің азайып, жоғала бастағанын, жалпы үйсін обаларынан археологтар өнер жәдігерлерін таппайтынын атап өте отырып, үйсіндер ең бастысы асыл тастарды өңдеумен айналысты деп баға береді. Сақ кезеңін – көшпелілер мәдениетінің гүлдену кезеңі, ал үйсін кезеңі – құлдырау кезеңі деп бағамдай отырып, оның себебін үйсін кезеңінде сақ мәдениетіне тән өзіндік ерекше стилі жойылып, бірте-бірте сырттан келген кірме өзгерістер мен стильдер (Грек-Бактрия, Қытай) енгенімен түсіндіреді (Бернштам, 1949: 132).

Кейіннен К.А. Ақышев пен Г.А. Кушаев өз монографияларында А.Н. Бернштамның ойын одар әрі дамытып, сақ кезеңі жерлеу орындарында қоладан жасалған бұйымдардың (қазандар, шырағандар, пышақтар, жебе ұштары) басым екендігін, «аң стилінде» жасалған алтын бұйымдар, әскери бұйымдар және жерлеу жабындысының сыртындағы менгірлі қоршаулар болуы тән болса, үйсін жерлеу орнына – аз жәдігерлі, темірден жасалған бұйымдар басым әрі қару-жарақтар жоққа тән деп сипаттайды (Акишев, Кушаев, 1963: 234).

А.Н. Бернштам Талғар қаласында жүргізген зерттеулерін аяқтаған соң, қаладан шығысқа қарай орналасқан Лаптев обасы деп аталып кеткен ескерткішке қазба жүргізеді. Өз мақаласында Талғар өзенінің оң жағалауында орналасқан бұл обалар тобының қатты тоналғанын атап өтіп, оларда қазба жүргізу нәтижесінде қандай да бір мәліметтерге қол жететініне сенімсіздікпен қарайды. Есік өзенінің сол жағалауындағы, Түрген өзенінің қос қапталында орналасқан өте үлкен обалардың жай-күйін де осылай сипаттайды. Алматы облысының көне ескерткіштеріне арналған мақаласында бұл обалардың орналасуына қарап б.д.д. III ғасыр – б.д. I–II ғғ. деп мерзімдеп, ғұн және үйсін кезеңдеріне жататыны күмән тудырмайды деп есептейді. Обалар бірнеше мәрте тоналған деп атап өтеді, әрі Іле өзенінің оң жағалауында орналасқан Жуантөбе, Қойбын, Қоңырөлең, Айнабұлақ, Басшы, Жаңғызағаш секілді обалар тобына да сипаттама береді (Бернштам, 1948: 80-81).

Ғалым Іле өзенінің оң жағалауындағы Қарашоқы шатқалынан табылған обаларды және Алматыдан батысқа қарай 55 шақырым жерде орналасқан Қарғалы обаларын да үйсін уақытына жатқызады. Бұл обалардағы жерлеу салттары Шелпек обаларына ұқсастығын, құрылымдары күрделілігін атап көрсете келе, бұл обалардың тізбектей орналасқандығына нақтылай тоқталады (Бернштам, 1941: 40). Көлемдері өте ірі обалардың тізбек бойымен орналасуына қарай қошқорлық, оңтүстік ыстықкөлдiк, солтүстік ыстықкөлдiк, чонкеминдiк, Шу және Іле топтары деп бөледі. Обалардың ең ірілері Шу даласында (Ақсу, Қарабалта), Тянь-Шаньда (Қарақол, Түп, Кочкор) және Іле алабында (Алматы, Есік, Түрген) деп атай келе, бұларды қытай деректерінде айтылған үйсіндердің үш тобына тән болуы мүмкін деген болжам айтады (Бернштам, 1941: 41).

Бернштамның айтуынша, Жетісуда үйсіндер мекен еткен уақытта жартылай көшпелі және жартылай отырықшы өмір салты ұстанылып, шаруашылықтың кешенді түрі қолданылғандықтан үйсін кезеңінде ескерткіштердің жаңа типтері: қыстау–қоныстардың,



ал одан кейінгі кезеңде – бекіністі елді мекендер мен бекіністі қамалдары бар бас сауғалауға арналған қалалардың пайда болуымен дәлелденеді деп есептейді (Труды..., 1950: 58).

Алматының маңындағы Қарғалы қойнауындағы шамамен 25 жастағы әйел адамның атақты жерлеу орнынан 300-ден астам алтын бұйымдар табылған. Осы табылған алтын бұйымдар ежелгі үйсіндердің зергерлік өнерін мейлінше айқын сипаттайды. Табылған заттардың ішінде айыр өркешті түйенің мүсіні салынған екі жүзік, таутекелердің он мүсіні, тізерлеп отырған адамның бауырын кеміріп жатқан тышқан бейнеленген сырға, көптеген қапсырмалар мен алтын жапсырмалар бар. Бұл бұйымдардың бәрі алтыннан жасалып, перузамен апталған. Ерекше бір көз тартатын нәрсе – Қарғалыдан табылған тәті. Оның ішкі беті толған күрделі өсімдік тектес өрнектің ортасында тұрған аңдардың, құстардың, адамдардың бейнелері (Бернштам, 1948: 11). Өз мақаласында тәтіні егжей-тегжейлі сараптаған А.Н. Бернштам, осы бейнелер семантикасына Иран мен Қытай әсерлерін баса көрсетті және жерлеу орнынан табылған заттар мен тәті б.д.д. I ғ. – б.д. II ғ. кезеңдеп, оның шаманға тиесілі болғандығын атап өтті (Бернштам, 1940: 31).

Памир-Алай археологиялық ескерткіштеріне арналған өзінің сүбелі еңбегінде А.Н. Бернштам үйсін және қаңлы тайпаларын Яксарттың ар жағындағы сақтардың ұрпақтары дей келе, «Александр Македонскийге қарсы күресте сақтар арасынан рудық ақсүйектер өсіп шығып, олардың бір бөлігі таулы аймақтарда үйсіндердің, ал Сырдария бойында қаңлы конфедерациясының құрылуына қатысты», – деп жазады. Түркі этногенезіндегі қаңлы және үйсін тайпаларының орнына тоқталып, шығыстан келген түркі тілдес тайпалар қаңлылар мен үйсіндердің көшпелі бөлігімен тығыз байланыста болғандығын айта келе, қаңлылар мен үйсіндерді этникалық жағынан шығыс ирандық топ тайпаларына жақын болуы мүмкін деп санады (Бернштам, 1952: 214). Дегенмен, археологиялық мәліметтер бойынша, б.д.д. I мыңж. ортасынан бастап, Орта Азияға Орталық Азиялық тайпалардың еніп, б.д.д. III–II ғғ. бастап физикалық және тілдік жағынан сырттан келген тайпалар мен жергілікті тұрғындар ассимиляцияланды. Үйсіндер иран тілдес Ферғанамен тығыз байланыста болған. Ал сақтардың қалған бөліктері үйсіндер билік басына келген соң, оңтүстік-батыс бағытқа – Ауғанстан, Индия және шығыс Иранға қарай ығысқанын сақ ескерткіштерінің осы маршрут бойымен орналасуымен түсіндіруге тырысады (Бернштам, 1952: 215). Жалпы осы еңбегін қорытындылай келе, археологиялық және жазба деректерге сүйене отырып, автор Ферғана мен Сырдария бойында сақ тайпалары мен оның ұрпақтарын: Ферғанада – аристей және үйсін тайпалары, Алайда – хюсунь және кумед тайпалары жайлағанын, Ферғанадан Сырдарияға дейін – су сақтары (абийлер, апасиактар) өмір сүргенін айта келіп, оларды төмендегідей бес ірі археологиялық аудандарға бөліп орналастырады:

1. Юени (абий-яксарттар) – Ташкент оазисі, Қауыншы мәдениеті;
2. Сусе (қаңлылар мен асийлер) – Отырар оазисі, қаңлы Қаратау мәдениеті;
3. Фуму (тохарлар) – Қуаңдария мен Жағадария бойы, Жетіасар мәдениеті;
4. Ги (массагеттер мен сармат, аландар) – Сырдарияның төменгі ағысы;
5. Юегань (Хорезм) – «қабырғаларында тіршілік бар» қалалар мәдениеті және қаңлы мәдениеті (С.П. Толстов бойынша). Осы бүкіл этникалық құрылымдар негізін А.Н. Бернштам амюригийлер мен тиграхауда сақтарына жатқызады (Бернштам, 1952: 216).

Үйсіндер ескерткішін зерттей отырып, А.Н. Бернштам үйсін терминінің шығу тегіне де қалам тартты. Өзінің «Археологический очерк Северной Киргизии» атты еңбегінде А.Н. Бернштам «исседон-усунь» тарихи термині туралы ой толғайды. Автордың ойынша үйсіндердің ертедегі уақытта әртүрлі атауларға ие болуы, массагет тайпаларының шығыс бұтағының атауы исседон атауымен байланысты деп пайымдайды (Бернштам, 1941: 33). Жоғарыда бірнеше рет атап өткеніміздей, ғалым үйсін миграциясы болмағанын үнемі айтып өтті. Дегенмен, «Основные этапы истории культуры Семиречья и Тянь-Шаня» атты мақаласында исседон-үйсіндер екіге – тянь-шандық және шығыс түркістандық болып бөлінген дей келе, қытай деректеріндегі үйсін миграциясын осы шығыс түркістандық үйсіндермен байланысты қате жорамал болуы мүмкін деген пікір айтады (Бернштам, 1949: 359). Әрі үйсіндердің нәсілдік түрі – памир-ферғаналық, еуропалық нәсіл дей келе,

өзі зерттеген үйсін ескерткіштерінің ең солтүстіктегі нүктесі Көксу, Қаратал өзендерінің алабы, ал оңтүстікте Ферғанаға кіріп кетеді деп көрсетеді (Бернштам, 1949; 360).

Осы этнонимның шығу тегі мен этногенезге арналған келесі мақаласы «К вопросу об усунь//кушан и тохарах» деп аталады (Бернштам, 1947). Бұл мақалада тохар және кушан этнонимдерінің өзара байланысы қарастырылады. Кушан термині юечжи-тохарлардың басқарушы тайпасының атауы деп санайды. Үйсіндердің Кушан мемлекетінің мәдени генезисіне үлкен әсер еткенін атап өтеді. Үйсіндер мәдениетінің ежелгі Давань мәдениетімен қосылуы нәтижесінде Ферғаналық Кушан мәдениеті пайда болған, кушан атауы үйсін сөзінен шыққан деп санап, бұл өзгерісті усунь-хюсюнь-кусан-кушан трансформациясымен түсіндіреді. Бұл еңбекте де ғалым үйсіндердің Ферғана аумағындағы белсенділігін Тянь-Шань аумағына ғұн тайпаларының қоныстануымен байланыстырады.

Қапшағай ГЭС аймағында 1954 жылы Жетісу археологиялық экспедициясының Іле отряды бастаған маршруттық жұмыстары 1957 жылдан бастап сақ-үйсін ескерткіштерін жоспарлы стационарлық зерттеу сипатында болды. Негізгі жұмыс аймағы солтүстігінде Шолақ тауларымен, ал оңтүстігінде өзеннің тік жағалауларымен шектелетін – Іле өзенінің орта ағысының оң жағалауындағы ені 5-7 км аумақ болды. Бұл аймақ екі себепке байланысты таңдалды:

- 1) шағын аумақта ежелгі үйсіндердің көп жерленген жерлері;
- 2) Бесшатыр бірегей ескерткішінің болуы.

Іле алқабы оңтүстігінде Іле Алатауының тау жоталарымен және солтүстігінде Малайсары, Шолақтау, Алтын Емел және Қаратау жоталарымен қоршалған. Жүздеген обалардан тұратын көптеген қорымдардың орналасуы Іле алқабы б.д.д. I мыңж. аяғында – б.д. I мыңж. тығыз қоныстанғандығын білдіреді. Алқап Шығыс Түркістанға және одан әрі Қытайға өткел жол ретінде маңызды тарихи рөл атқарды.

Көпжылдық зерттеулер нәтижесінде топырақ және тас үйінділі үлкен және кішігірім қорымдар, жалпақ тас қоршаулар, салттық менгірлік құрылыстар, бейнелеу өнері ескерткіштері – үңгір суреттері, сонымен қатар қыстаулардағы тас құрылыстарының қалдықтары сынды жүздеген және мыңдаған ескерткіштер ашылып, зерттелді. Зерттелген ескерткіштер Жетісу тарихының үш хронологиялық кезеңі: сақ, үйсін, түркі кезеңінде жатады.

Бес жыл ішінде Іле отряды 300-ден астам обада қазба жұмысын жүргізді қазды. Олардың 37-сі сақтарға, 20-сы түркілерге, қалғандары үйсіндерге тиесілі. Экспедиция зерттеулері нәтижесінде қол жеткен үлкен көлемдегі материалдар оң жағалаудағы ежелгі тұрғындардың тарихы, материалдық және рухани мәдениеті мәселелерін қарастыруға мүмкіндік берді (Акишев, 1958: 83). Олардың ішіндегі ең бастысы:

- 1) үйсін көне заттарының хронологиялық жіктелуі;
- 2) сақтар мен үйсіндердің мәдениетін көшпенділер ретінде емес, көшпенділік амплитудасы 50–100 км тұрақты қыстайтын жерлері бар жартылай отырықшы малшылар ретінде зерттеу.

Іле экспедициясы Жетісудың сақтары мен үйсіндерінің мәдениетін зерттеудің алты жылдық материалдары (1954, 1957–1961 жж.) К.А. Ақышев пен Г.А. Кушаевтың «Древняя культура саков и усуней долины реки Или» атты екі дербес бөлімнен тұратын бірлескен монографиясында жарияланған. Бірінші бөлім Іле алқабындағы сақтар мәдениетіне арналған, онда К.А. Ақышев Бесшатыр бірегей қорымының сипаттамасы мен тарихи маңыздылығын берді. Сақ мәдениетінің генезисі, сақ қоғамының қарапайым мүшелерінің обаларының сипаттамасы, Жетісу қола және тұрмыстық заттар қоймаларының жаңа мезгілін негіздеу мәселелері қойылды, шаруашылық, мүлктік теңсіздік мәселелері қаралды. Екінші бөлімді Г.А. Кушаев дайындады және Іле өзенінің оң жағалауындағы үйсін ескерткіштерін тарихи-археологиялық зерттеуге арналған. Ежелгі үйсіндердің шаруашылығының негізгі бағыттары, қоғамдық құрылымы және діни нанымдары даму динамикасын бағдарлап, үйсіндер ескерткіштерін үш хронологиялық кезеңге бөліп көрсетті. Олар: ерте – б.д.д. III–II ғғ.; ауыспалы – б.д.д. I ғ.–б.д. I ғ.; кейінгі – б.д. II–III ғғ. (Акишев, Кушаев, 1963: 139).

Осы монография авторлары А.Н. Бернштамның сақ және үйсін кезеңдерін біртұтас тарихи-мәдени процестің екі кезеңі ретінде қарастырып, бірыңғай «сақ-үйсін мәдениеті» ұғымына біріктірген идеясын толықтай қолдаған (Акишев, Кушаев, 1963: 140).

Кейіннен, К.А. Ақышев үйсіндердің мәдениетін қорымдардың жоспарлану ерекшеліктері, қабір құрылысының өзгешелігі мен табылған жәдігерлердің ерекшеліктеріне сай Қаратал (б.д.д. III–I ғғ.), Іле (I–III ғғ.), Жетісу (III–V ғғ.) кезеңдерін бөліп көрсетеді. Ғалым I-кезеңге қорымдардағы обалардың оңтүстіктен солтүстікке қарай тізбектеле, немесе қосарласа орналасуы тән десе, екінші кезеңде обалардың орналасуы жүйесіз, беті ағашпен жабылған қабірлер саны кемитінін, оның орнына солтүстік қабырғадан қазылған ақымдық жерлеу орны пайда бола бастағанын атап көрсетеді. Ал үшінші – соңғы Іле кезеңінде үйсін обалары арасында түркі қорымдары да кездесе бастайтынын, қабірлер катакомбалы және ақымды болғанына тоқталады (Қазақстан тарихы..., 1996: 263–264).

Жетісудың сақ-үйсін көне жәдігерлерін зерттеуде Е.И. Агееваның қосқан үлесін атап өту қажет. XX ғасырдың 60-жылдарының басында жинақталған археологиялық дереккөздердің жиналған қоры талдау мен жалпылауды қажет етті. Жиналған материалдар негізінде Е.И. Агеева Жетісу үйсіндерінің жерлеу рәсімі туралы мәліметтерді жүйелеу бойынша жұмыс жүргізді. Ол керамика мен жерлеу құрылымдарының алғашқы классификациясын жасады. Сонымен қатар, ғалым жерлеу құрылыстарының этномәдени тиесілілігі, үйсіндердің шаруашылық мәселелерін қарастырды. Е.И. Агеева жаппай жерлеу рәсімдерін зерттей отырып, А.Н. Бернштамның сақ-үйсін тайпаларының сабақтастық теориясын ұстанды. Ол үйсіндер жартылай көшпелік пен отырықшы шаруашылықты қатар жүргізген деген тұжырымға керамикалық материалды талдау негізінде келді. Жалпақ түбі бар қыш ыдыстардың саны көбеюін отырықшы болудың белгісі ретінде қарастырды (Агеева, 1960: 67).

А.Н. Бернштаммен 1944-1956 жж. дейін экспедицияларда бірге болған Ю.А. Заднепровскийдің «Об этнической принадлежности памятников кочевников Семиречья усуньского периода II в. до н. э. – V в. н.э.» мақаласына көз жүгіртсек, өзіне дейінгі осы тақырыпта қалам тарқан М.В. Воеводский, М.П. Грязнов, А.Н. Бернштам, А.К. Кибиров, Е.И. Агеева, К.А. Ақышев, Г.А. Кушаев, А.Г. Максимова, А.К. Абетеков сынды ғалымдардың еңбектерін сараптай отырып, үйсін мәдениеті ескерткіштерін – шелпек және кеңкөл ескерткіштері атты екі негізгі түрге бөледі. Бірінші түрге үйсіндердікі деп аталатын қарапайым топырақты жерлеу орындарын жатқызса, екінші түрге катакомбалы жерлеу орындары бар ескерткіштер (Кеңкөл) мен ақымда жерлеу орындары (Айғыржал) топтарынан тұрады (Заднепровский, 1971: 27). Сонымен қатар ғалым М.В. Воеводский мен М.П. Грязновтың топырақты жерлеу орындарын үйсіндерге жатқызуына келіспейтінін білдіреді. Үйсіндерді Жетісуда б.д.д. II ғ. 60-жылдарынан бұрын мекендегені туралы мәліметтердің жоқтығын айта отырып, бұл жерлеу орындары осы аумақта бұдан бұрын да кең таралғанына тоқталады. Жазба деректер бойынша үйсіндер Дуньхуань мен Цилян-Шань аралығында Орталық Азияда мекен еткенін және үйсіндер атамекені осы аумақ болғанын айта келе, б.д.д. 160 ж. ғұндар шабуылының әсерінен үйсіндер Жетісуға қоныс аударды және осы жерде жергілікті сақ тайпалары мен юечжилерді жаулап алды деп санайды. Ал жерлеу орындары мен құрылымдары өзгеше болуы туралы сұраққа ғалым, Жетісуда б.д.д. II–I ғғ. бастау алған жергілікті тұрғындар ескерткіштерінен өзгешеленетін ескерткіштер ғана үйсіндердікі болып саналуы тиіс деп есептейді (Заднепровский, 1971: 27).

Өткен ғасырдың 60-жылдары үйсіндердің қаңлылармен қарым-қатынасы, оңтүстік және солтүстік болып бөлінген ғұндар, олардың солтүстік пен шығысқа қоныс аударуы әсері, қытай империясының қаңлы, әсіресе үйсін тайпаларымен одақтастық қарым-қатынасы туралы Ю.А. Зуев қытай дерек көздерін негізге ала отырып зерттеген болатын (Зуев, 1957: 63).

К.А. Ақышев қолда бар жазбаша дереккөздерді, археологиялық материалдар мен хабарламаларды талдай отырып, экономикалық негіздің дамуын, үйсін қоғамының

әлеуметтік қатынастары мен әлеуметтік құрамын қарастырды, онда мемлекеттің одан әрі байыту мен пайдалану құқығын нығайтуға және қамтамасыз етуге арналған арнайы ұйым ретінде пайда болуының алғышарттарын атап көрсетті. Мал шаруашылығы мен егіншіліктің үйлесімі мен бір мезгілде дамуы өндіргіш күштердің өсуіне және қоғамның әлеуметтік құрылымының өзгеруіне әкеледі. Екіншіден, жоғары дамыған Хань империясымен тығыз саяси байланыс әсер етті деп пайымдады (Акишев, 1986: 40).

### **Нәтижелер.**

Енді осы үйсін мәселесінің қазіргі таңдағы зерттелу деңгейіне қысқаша тоқталсақ. Қазіргі уақытта үйсін ескерткіштерін анықтау, табылған жәдігерлерді сараптау, картаға түсіру, олардағы мемлекеттік мәселелерінен басқа, үйсін қоғамының шаруашылық негіздерін зерттеуге және осы тайпалық одақты этникалық жағынан интерпретациялауға көңіл бөлінуде.

XX ғасырдың аяғында кеңестік кезең мамандары, кейінірек қазақстандық археологтар Жетісу үйсіндерінің материалдық мәдениетін сипаттайтын көлемді материалдар жинақтады. Үйсін археологиясын зерттеуге жаңа серпін өткен ғасырдың 90-шы жылдарының ортасынан басталды – ескерткіштерді анықтау, картаға түсіру, обаларды сипаттаудан басқа үйсін қоғамының экономикалық негіздерін, сондай-ақ этникалық талдау мәселелерін зерттеуге баса назар аударылды.

Қазақстандық археолог-ғалым А.М. Досымбаева Жетісу мен Солтүстік Қырғызстан үшін ортақ үйсіндердің мәдени кешенін бөліп көрсетіп, сақ және үйсін жерлеу орындарының шектерін анықтауға тырысты. Ғалым үйсін мәдениетінің алғашқы қалыптасуы Шығыс Түркістан жерінде өтті дей келе, үйсін мемлекеті Жетісу жерінде б.д. II–V ғғ. өмір сүрді деп тұжырымдайды. Ең алдымен дәлел ретінде кеңістіктегі обалардың орналасуы және тас қалаулар қабылданды. Бұл жерде тізбек бойынша орналасса – сақтардікі, бей-берекет орналасса – үйсіндердікі деп есептеді. Ғалымның ойынша, жерлеу кешендерін салудағы ұқсастықтар сақ және үйсін ескерткіштерінің генетикалық біртектілігін емес, екі бір-бірінен дербес этномәдени ұйымдардың өзара қарым-қатынасы мен өзара әсері ретінде жүзеге асқан деп есептейді (Досымбаева, 1996: 31).

Одан кейінгі еңбектерінде де А.М. Досымбаева үйсін кешендерінің түркілермен байланысын негізге ала отырып: «Жетісу территориясындағы б.д.д. I мыңж. соңғы ғасырлары мен б.д. I мыңж. ортасына дейінгі уақыттағы мәдени-тарихи үрдістің өзіне тән ерекшелігі бір жағынан жаңа тұрақты шаруашылық-мәдени түрдің пайда болуы болса, екінші жағынан түркі мәдениетінің қалыптасуы болып табылады (аударған А. Айтбаева)», -деп түйіндейді (Досымбаева, 1997: 50). Өз еңбектерінде жылдар бойы тарихта үстемдік құрып келген сақтар мен үйсіндер мәдениетінің генетикалық байланысынан бас тарта отырып, ғалым бұл мәселенің ұзақ жылдар бойы Қазақстан аумағындағы түркілік түп тегін іздеуге байланысты қиындықтар тудырғанын атап өтеді.

Тәуелсіздік жылдарында қоныстану нысандарын зерттеу жаңа деңгейге көтерілді. Жетісу аумағындағы қоныстар шаруашылығы мен ежелгі тұрғын үйлердің түрлері туралы түсінік Сарытоғай мен Әмірсай қоныстарының материалдарымен толықтырылды.

Сарытоғай тұрғындары егіншілікпен айналысқан. Зерттеу барысында жүздеген кетмен, дән үккіштер табылған (Отчет: 1992, 21). Зерттеушілердің ойы бойынша Сарытоғай әкімшілік, қолөнер және сауда қызметін атқарған қалалық типтегі қоныс деп санауға болады (Байпақов, 2012: 166). Керамикалық кешеннің сипаты, тас құралдарының түрлері және құрылыс конструкцияларының белгілері бойынша Сарытоғай қонысы б.д.д. I мыңж. екінші жартысына жатады.

Әмірсай қонысы Орталық Тянь-Шаньның оңтүстік беткейінде орналасқан. Бетінде сопақ шұңқырлардың көптеген іздері – жартылай жертөлелер қалдықтары байқалады. Олардың жанында егінге арналған жер учаскелері тіркелген. Егістік алқаптардың жалпы ауданы шамамен 2–3 га құрады. Тұрғын үйлерден табылған керамикалық материал, тас құралдары Әмірсай қонысы б.д. дейінгі I мыңж. I жартысына жатады (Отчет, 1992: 83).



1990-жылдары Оңтүстік Қазақстан кешенді археологиялық экспедициясы Жетісу қоныстарын зерттеудің жаңа кезеңін бастады. Зерттеулер Жетісудағы егіншілік пен көшпелі мал шаруашылығының дамуын зерттеу мен ізденістерге бағытталды.

Солтүстік Шығыс Жетісу аумағының үйсін ескерткіштерін зерттеген ғалымдардың бірі – академик К.М. Байпақов. Ғалымның зерттеулеріндегі осы мәселенің қарастырылуына тоқталар болсақ, 80-жылдардың ортасынан Алматы облысы аумағындағы Цыганка-8, Түзусай секілді 40-тан астам қоныстарды ашып, қазба жұмыстарын жүргізді. Жаратылыстану ғылымдарының әдістерін қолдана отырып, шетелдік археологтармен бірлескен зерттеулер Тузусай (б.д.д. IV ғ. – б.д. I ғ.) және Цыганка 8 (б.д.д. VII ғ. – б.д.д. I ғ.) қоныстарының мерзімдеді. Бастапқыда бұл сақтардың, содан кейін үйсіндердің қоныстары болды, жасанды суару арқылы егілген өсімдіктер (бидай, арпа, тары, мүмкін күріш), кірпіштен жасалған үй құрылымдары және жертөле түрлері анықталды. Бұл қоныстардың көп бөлігі жыл бойы тіршілік еткен стационарлы қоныстар ретінде айқындалды. Осы зерттеулер нәтижесінде қоныстар мен жерлеу орындары көптеп ашып, жинақталған материалдар үйсіндерде жер өңдеу ісі мен отырықшылықтың болмаған деген түсінікті толықтай жоққа шығарады. Соңғы онжылдықтарда Жетісу аумағындағы зерттелген көптеген қоныстарды сараптай келе К.М. Байпақов аумақтағы қоныстық жүйенің әртүрлі болғандығын, бұған дейін К.А. Ақышев бөліп көрсеткен «қыстау–қонысы» түсінігінен өзге ғалым «стационарлы қоныс» немесе «дамыған қолөнерлі ірі қоныс» деген түсініктерді ғылыми айналымға енгізді. Сақтар мен үйсіндердің шаруашылығы: мал шаруашылығы, жайылымдық шаруашылық, жер өңдеушілігі дамыған үй маңы шаруашылығы деп әртүрлі түріне негізделгендігін атап көрсетеді (Байпақов, 2007: 65).

Қазіргі кезеңде ғалымдар Шу-Іле таулары мен Іле Алатауындағы сақ дәуіріндегі ежелгі қоныстардың орналасу жүйесі мен құрылымы туралы деректерді жинақтауда. Қоныстардың топографиялық ерекшеліктері, Жетісудағы үй салу дәстүрлерінің мәселелері, өңірдің шаруашылық-мәдени даму ерекшеліктері зерттелді (Горячев, Сараев, 2015: 15). Археолог А.А. Горячев жер өңдеушілер қоныстары әдетте таулы шатқалдардың шығысында және өзен аңғарларында орналасқанын, ал малшылар дала таулары мен жартылай шөлдерде, тау шатқалдары мен биік таулы үстірттерде тұратынын атап өтті. Қызылбұлақ IV, Бұтақты I, Түрген II қоныстарынан зерттелген тұрғын үйлердің негізінде тұрғын үй типтерін, тұрғын үй кеңістігінің ішкі құрылысын бағаналы құрылымдар мен шатырлар реконструкцияланды (Горячев, 2019: 95). А.А. Горячевтің пікірінше, аймақтағы тұрғын үйлердің негізгі формасы қола дәуірінен бастау алатын құрылыс дәстүрлері – қаңқалы-бағаналы құрылымды жартылай жертөлелері болды. Құрылыс материалы (тас, ағаш, бұтақтар, қамыс, жануарлардың терісі) аймақтың табиғи ландшафтына байланысты болды. Сонымен қатар, стационарлық құрылымдармен қатар ғалымдар киіз үй тәрізді үйлердің болғанын болжайды.

Көрнекті ғалым Ә.Т. Төлеубаев «Ертедегі үйсіндердің Тарбағатайдың теріскейіндегі ескерткіштері» атты мақаласында Қазақ Ұлттық университеті экспедициясының зерттеулеріне сүйене отырып, Тарбағатайдың теріскейіндегі Тебіске, Базар, Қарғыба өзендерінің бойынан үйсіндерге тән 70-тен астам оба анықталғанына тоқталады. Тебіске өзені бойындағы Құлбабас қорымының 17 обасына жүргізілген археологиялық зерттеулер нәтижесінде үйсін тайпаларының шекарасы туралы ғалым Ертістің оң жағалауы, Тарбағатайдың теріскейінде үйсін тайпалары қоныстанған деп тұжырымдайды. Бұл ойын ескерткіштердің сыртқы құрылысы мен табылған жәдігерлерге енген өзгерістермен байланыстырады. Тарбағатайдағы ақымдық қабірлердің Жетісулық ақымдық қабірлерге ұқсастығын, біріншіден, қабір шұңқыры шығыстан батысқа бағытталған; екіншіден, Құлбабас обаларында Жетісу үйсіндерінікіне ұқсас ақым қабірдің солтүстік қабырғасына салынғанын; үшіншіден, Құлбабас ескерткіштерінде де Жетісудағыдай адамды шалқасынан жатқызылып, басы батысқа бағытталып, аяғын шығысқа қаратып қойғанын; төртіншіден, Құлбабастан шыққан аздаған заттар мәйіттің тек бас жағынан шыққан ұқсастықтарын көрсетіп және обаны б.д.д. I ғ. – б.д. I ғ. кезеңдейді (Төлеубаев, 1999: 26). Осылайша, ғалым

Ыстықкөл мен Балқашқа дейін деп межеленген үйсіндер таралу аумағын Тарбағатайдың теріскейіне дейін кеңейтті.

Жетісу өлкесінің үйсін жерлеу орындары мен Шығыс Қазақстанның ескерткіштерін қатар саралап, қытай деректеріне сүйене отырып, Ғ.Қ. Омаров «Шығыс Қазақстанның ерте темір дәуірі» монографиясында Алтайдың батыс беткейін мекендеген құлажорғалықтармен қатар өмір сүрген Тарбағатайдың терістігіндегі тұрғындардың қалдырған археологиялық ескерткіштері бұл өңірде б.д.д. II–I ғғ. үйсіндердің болғандығын дәлелдейді деп тұжырымдайды (Омаров, 2015: 131–132). Бұл тұжырымдар үйсіндердің орналасу шегін солтүстік-шығысқа қарай кеңейгендігін көрсетеді. Соңғы жылдары үйсіндер ескерткіштерінің зерттелу деңгейіне арналған бірнеше мақалалар жарық көрді. Мысалы А.С. Ғаниеваның осы тақырыпта ой қозғаған мақалаларын (Ғаниева, 2007) және қазақстандық зерттеушілердің үйсін археологиясы бойынша зерттеулерінің негізгі бағыттарын айқындауға қадам жасалған А. Свиридовтың мақаласын атап өтеміз (Свиридов, 2007). Сонымен қатар, А. Айтбаеваның «История и материальная культура усуньских племен в работах А.Н. Бернштама» атты мақаласында үйсін мәселесінің А.Н. Бернштам еңбектерінде көрініс табуын саралап және ғалымның ой-тұжырымдарына тоқталды (Айтбаева, 2015).

**Қорытынды.** Жетісу өңірінде XIX ғ. аяғынан бастап сақ-үйсін археологиясы зерттеулері белсенді жүргізілді. Жетісу мен Тянь-Шань көшпенділерінің мәдениетін дамытудағы сабақтастықтың үздіксіз болғандығын археологиялық ескерткіштер дәлелдейді.

Қазақстан мен Қырғызстанның археологиялық экспедицияларының ауқымды жұмыстарының нәтижесінде үйсіндердің көптеген ескерткіштері ашылды. Олар үйінді обалар және жалпақ қоршаулар секілді екі типті құрылымдардан тұрады. Бір қорымның құрамында құрылымдардың екі түрі де кездеседі. Үйсіндер тарихының 100 жылдан астам уақыт бойы зерттелуі олардың тарихын реконструкциялауға мүмкіндік беруде (Ғаниева, 2022а). Үйсін тұрғын үйлері, оның ішінде Ақтас II қонысы түпнұсқаның жаңғыртпасы келешекте «Бозоқ» музей-қорығының ішінде өз көрінісін табады (Ғаниева, 2022б: 62). Қоныстардың көпқабаттылығы мен археологиялық материалдар ерте темір дәуірінде Жетісудың тығыз қоныстанғанын айғақтайды. Жетісудің ерекше табиғи жайлылығын тарихтың әр кезеңінде қоныстанған тұрғындардың материалдық қалдықтары дәлелдейді. Мысалы, Ақтас II қонысының жоғарғы мәдени қабатынан қазақ қыстау тіршілігі анықталды (Жолдасбаев, 1996).

Тақырып бойынша материалдарды талдау барысында, үйсін тайпаларының жергілікті негізде дамығанын, сақ мәдениетімен біте қайнасып өмір сүргенін аңғардық. Дегенмен, қазіргі отандық ғалымдар арасында да үйсіндердің автохтондылығы туралы ойларға қарсылық білдіріп, қытай деректерінде келтірілген үйсін миграциясын қолдаушылар бар.

Ежелгі үйсіндер тарихын зерделеу, жерлеу және қоныстану кешендерінің материалдарын жүйелеуде шешілуі қажет палеодемография мәселелері өзекті болып қала береді. Қазақстандағы палеоурбанистика мәселесін одан әрі зерттеу үшін қоныстану объектілеріне кешенді стационарлық қазба жүргізу қажет. Ғалымдар ежелгі қоныстарды зерттеуде әдістемелік тәсілдерді әзірлеу және көлемді материал алу үшін кең ауқымды қазба жұмыстарын жүргізу маңызды екенін ескереді.

Қорыта келе айтарымыз, А.Н. Бернштамнан бастау алған ғалымдардың Жетісу өлкесінде жүргізген зерттеулері сақ-үйсін археологиясында жаңа тарихи зерттеудің бетін ашты. Ғалымдар үйсіндердің автохтондығы туралы бағытты ұстанды және үйсін мәдениеті осы аймақтағы өз бастауын қола дәуірінен алатын жергілікті элементтер негізінде дамығандығын және сақ археологиялық мәдениетінің мұрагері болып табылатындығын атап өтті. Қол жеткен археологиялық материалдар сақ-үйсін қоғамының шаруашылығы, тұрмысы, әлемге деген көзқарасы, өнері және жалпы өмірінің барлық салалары туралы ой толғауда маңызды роль атқарады.

**Алғыс.** Мақала BR18574175 ҚР ҒЖБМ бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру шеңберінде дайындалды.

## Әдебиеттер тізімі

- Айтбаева А.Е. История и материальная культура усуньских племен в работах А.Н. Бернштама // ҚазҰУ Хабаршысы. Тарих сериясы – 2015. – №4. – 157-161 бб.
- Агеева Е.И. Некоторые новые данные по археологии Семиречья // КСИИМК. – 1960. – Вып. 80. – С. 64-69.
- Акишев К.А. Археология Казахстана за 40 лет // Известия АН КазССР. Серия истории, археологии и этнографии. – Вып. 2 (7). – 1958. – С. 80-89.
- Акишев К.А., Кушаев Г.А. Древняя культура саков и усуней долины реки Или. – Алма-Ата: Изд-во АН КазССР, 1963. – 320 с.
- Акишев К.А. Экономика и общественный строй Южного Казахстана и Северной Киргизии в эпоху саков и усуней (V в. до н.э. – V в. н.э.). Научный доклад на соискание ученой степени доктора исторических наук. – М., 1986. – 49 с.
- Байпаков К. М. Оседлость, земледелие и городская жизнь у саков и усуней Жетысу (VII в. до н. э. – IV в. н. э.) // Феномен кочевничества в истории Евразии. Номадизм и развитие государства: Сборник материалов международной научной конференции (г. Алматы, 19-20 декабря, 2005 г.) / Ответ. ред. И.В. Ерофеева, Л.Е. Масанова. – Алматы: Дайк-Пресс, 2007. – С. 65-66.
- Байпаков К. М. Древняя и средневековая урбанизация Казахстана (по материалам исследований Южно-Казахстанской комплексной археологической экспедиции). Книга I. Урбанизация Казахстана в эпоху бронзы – раннем средневековье. – Алматы: Ғылыми қазына, 2012. – 390 с.
- Бартольд В.В. Очерк истории Семиречья. Фрунзе: Киргизгосиздат, 1943. – 102 с.
- Бернштам А.Н. Памятники старины Таласской долины. – Алма-Ата: КазОГИЗ, 1941. – 66 с.
- Бернштам А.Н. Историко-археологические очерки Центрального Тянь-Шаня и Памиро-Алтая // Материалы исследования по археологии СССР. – М.-Л., 1952. –Т. 26. – 346 с.
- Бернштам А.Н. Археологические работы в Южном Казахстане // Краткие сообщения о докладах и полевых исследованиях Института истории материальной культуры.– М.-Л.: Издательство Академии Наук СССР, 1949.– Вып. 16. – С. 111-133.
- Бернштам А. Н. К вопросу об усунь//кушан и тохарах // Советская этнография. – М.: АН СССР, 1947. – № 3. – 41-47 с.
- Бернштам А.Н. Памятники старины Алматинской области // Известия АН КазССР. – Серия археологическая. – 1948. – Вып. 1. – С. 79-91.
- Бернштам А.Н. Археологический очерк Северной Киргизии // Материалы и исследования по истории киргиз и Киргизстана. – Фрунзе: Комитет науки при СНК КирССР, 1941. – Вып. 4.– 109 с.
- Бернштам А.Н. Прошлое района Алма-Ата. Историко-археологический очерк. – Алма-Ата: АН КазССР, 1948. – 19 с.
- Бернштам А.Н. Золотая диадема из шаманского погребения на р. Каргалинке // Краткие сообщения о докладах и полевых исследованиях Института истории материальной культуры. – М.-Л.: Издательство Академии Наук СССР, 1940. – Вып. 5. – С. 23-31.
- Бернштам А.Н. Археологический очерк Северной Киргизии // Материалы и исследования по истории киргиз и Киргизстана. – Фрунзе: Комитет науки при СНК КирССР, 1941. – Вып. 4.– 109 с.
- Бернштам А.Н. Основные этапы истории культуры Семиречья и Тянь-Шаня // Советская археология. – 1949. – Т. 9. – С. 337-384.
- Воеводский М.В., Грязнов М.П. Усуньские могильники на территории Киргизской ССР // Вестник древней истории. – М.: Наука, 1938. – № 3(4). – С. 162-179.
- Ганиева А.С. Изучение культуры усуней: история и современность // Известия НАН РК. Серия общественных наук. – 2007. – № 1 (253). – С. 240-245.
- Ганиева А.С. Ерте темір дәуіріндегі Жетісу өңіріндегі үй құрылысының ежелгі дәстүрлері // «XIV Оразбаев оқулары» халықаралық ғылыми-әдістемелік конференция материалдары Алматы, 28-29 қазан. Жауапты ред. Р.С. Жұматаев. – Алматы: Қазақ университеті, 2022. – 98-102 б.
- Ганиева А.С. Стационарные памятники кочевников в эпоху раннего железного века (Жетысу): вопросы палеоурбанистики // Материалы международного научно-практического форума «Историческая урбанистика Казахстана: актуальные вопросы теории и практики», 22 апреля. Отв. ред. Ж.Е. Нурбаева. – Астана: АО «Университет КАЗГҰОУ имени М.С. Нарикбаева, 2022. – С. 57-67.
- Горячев А.А. Об устройстве поселений раннего железного века Жетысу // Поволжская археология. – 2019. – №3 (29). – С. 80-97.

- Горячев А.А., Сараев В.В. К вопросу о хозяйственно-культурном развитии древнего населения Алматы // Известия НАН РК. Сер.обществ. и гум. наук. 2015. №6 (304). – С. 5-18.
- Досымбаева А.М. Погребальные сооружения населения Семиречья в период со II в. до н.э. до середины I тысячелетия н.э. // Известия НАН РК. Серия общественных наук. – 1996. – № 2. – С. 25-31.
- Досымбаева А. Особенности этнокультурного процесса в Семиречье во II в. до н. // Новости археологии. – № 1. – Туркестан: МКТУ им. Яссави, 1997. – С. 45-51.
- Жолдасбаев С.Ж. Жетісу тарихы. – Алматы: Қазақ университеті, 1996. – 286 с.
- Заднепровский Ю.А. Об этнической принадлежности памятников кочевников Семиречья усуньского периода II в. до н.э. –V в. н.э. // Страны и народы Востока. – 1971. – Т. X. – С. 27-36.
- Зуев Ю.А. К вопросу о взаимоотношениях усуней и канцзюй с гуннами и Китаем во второй половине I века до нашей эры // Известия АН КазССР. Серия истории, экономики, философии и права. – 1957. – Вып. 2. – С. 61–72.
- Қазақстан тарихы (көне заманнан бүгінге дейін). – Алматы: Атамұра, 1996. – Т. 1. – 544 б.
- Қытай жылнамаларындағы қазақ тарихы деректері (б.з.б. 177 – б.з. 222 жж.) (ғылыми жетекшісі Ғ. Мырзаханұлы). – Алматы: Өнер, 2006. – 296 б.
- Омаров Ғ.Қ. Шығыс Қазақстанның ерте темір дәуірі. – Алматы: Қазақ университеті, 2015. – 256 б.
- Отчет о работе Семиреченской археологической экспедиции в 1992 г. // Ә.Х. Марғұлан ат. Археология институты архиві. Ф. 1. Ис.10. Оп. № 31-92. 102 с.
- Пантусов Н.Н. Описание раскопок трех курганов, находящихся на западной стороне города Верного, в апреле и мае 1889 года // Протоколы Туркестанского кружка любителей археологии. Год IV. Ташкент: [б. и.], 1899б. С. 105–113.
- Свиридов А.Н. Усуни Семиречье: вопросы этнокультурной и хозяйственной интерпретации (современное состояние проблемы) // Вестник НГУ. Серия: История, филология. – 2012. – Т. 11. – Вып. 7. – С.45-49.
- Төлеубаев Ә.Т. Ертедегі үйсіндердің Тарбағатайдың теріскейіндегі ескерткіштері // ҚазМУ хабаршысы. Тарих сериясы. – 1999. – № 12. – 23-38 б.
- Труды Семиреченской археологической экспедиции. Чуйская долина // Материалы и исследования по археологии СССР. – М.-Л.: АН СССР, 1950. – Т. 14. – 249 с.

**Айнагуль С. Ганиева, Айгерим Е. Айтбаева, Алия М. Манапова**  
*Институт археологии им. А. Х. Марғұлана, Алматы, Қазақстан*

### **Археология усуней: итоги изучения и проблемные вопросы**

**Аннотация.** В статье представлен историографический анализ археологического изучения культуры древних усуней (II в. до н.э. –IV в. н.э.), населявших Жетысу. В регионе с конца XIX в. активно проводились исследования археологии раннего железного века. Основные объекты этой эпохи представлены памятниками сако-усуньского времени. Особое внимание уделяется разработкам ученых, базирующихся на интерпретации археологических источников, являющихся основным источником реконструкции особенностей хозяйствования, этнокультурных взаимоотношений, истории становления государственности, проблем хронологии, домостроительных традиций. В центре внимания оказались научные разработки А.Н. Бернштама, К.А. Акишева, К.М. Байпакова и ряда других ученых. Отмечая преемственность в развитии культуры кочевников Жетысу и Тянь-Шаня на протяжении тысячи лет (до конца IV в.), на основе изученных материалов прослежены этногенетические связи в сако-усуньский период. Анализ материалов указывает, что усуньские племена развивались на местной основе и были тесно связаны с сакской культурой. Учеными на основе погребальных комплексов сделана систематизация и проанализированы культурные традиции. Вместе с тем, исследования последних десятилетий расширяют границы распространения усуньских племен до восточных пределов Казахстана. Проводимый научный анализ способствует дальнейшему развитию источниковедения и историографических исследований, формирующихся в отечественной историографии.

**Ключевые слова:** Усуни; Жетысу; ранний железный век; историография; скотоводство; земледелие; поселение; оседлость.



**Ainagul S. Ganieva, Aigerim E. Aitbayeva, Aliya M. Manapova**  
*Institute of Archaeology named after A.Kh. Margulan, Almaty, Kazakhstan*

### **Archaeology of the Usuns: the results of the study and problematic issues**

**Abstract.** The article considers the history of archeological studies of the culture of ancient Usuns (II century BC - IV century AD), inhabiting Zhetysu. Since the end of the 19th century, research on early Iron Age archeology has been actively carried out in the region. The main objects of this era are represented by monuments of the Saka-Usun time. The main objects of this era are represented by monuments of the Saka-Usun time. Particular attention is paid to the work of scientists based on the interpretation of the features of the economy, ethnocultural interrelationships, the history of the formation of statehood, problems of chronology, archaeological materials that are the main sources of reconstruction of the traditions of house building. The main attention was paid to the scientific conclusions of A. N. Bernstam, K. A. Akishev, K. M. Baypakov and a number of other scientists. Continuity in the development of the culture of the nomads of and Tien Shan for a thousand years until the end of the IV-early V century indicates ethnogenetic connections in the Sako-Usun period among the main part of the population. The analysis of the materials indicates that the Usun tribes developed on a local basis and were closely related to the Saka culture. The theoretical works devoted to the history of the Usuns set the tasks of studying the economy, ethno-cultural development and religious beliefs of the ancient people. At the same time, research in recent decades has expanded the boundaries of the spread of the Usun tribes to the eastern limits of Kazakhstan. The analysis contributes to the further progression of source studies and historiographical studies formed in domestic historiography.

**Key words:** Usuni; Zhetysu; early Iron Age; historiography; cattle breeding; agriculture; settlement; settled way of life.

### **References**

Aitbaeva A.E. Istorija i material'naja kul'tura usun'skih plemen v rabotah A.N. Bernstama [The history and material culture of the Usun tribes in the works of A.N. Bernstam], *ҚазҰУ Хабаршысы. Тарихи сериясы* [Kaznu Bulletin. History series], 4, 157-161(2015) [in Russian].

Ageeva E.I. Nekotorye novye dannye po arheologii Semirech'ja [Some new data on the archeology of Semirechye], *Kratkie soobshheniya Instituta istorii i material'noj kul'tury* [Brief reports of the Institute of History and Material Culture], 80, 64-69(1960) [in Russian].

Akishev K.A. Arheologija Kazahstana za 40 let [Archeology of Kazakhstan within 40 years], *Izvestiya AN KazSSR. Seriya istorii, arxeologii i etnografii* [Izvestia of the Academy of Sciences of the Kazakh SSR. Series of history, archeology and ethnography], (Alma-Ata, 1958, 80-89) [in Russian].

Akishev K.A., Kushaev G.A. Drevnjaja kul'tura sakov i usunej doliny reki Ili [The ancient culture of the Saks and Usuns of the Ili River Valley], (Almaty, 1963, 298) [in Russian].

Akishev K.A. Jekonomika i obshhestvennyj stroj Juzhnogo Kazahstana i Severnoj Kirgizii v jepohu sakov i usunej (V v. do n.je. – V v. n.je.) [Economy and social system of Southern Kazakhstan and Northern Kyrgyzstan in the era of the Saks and Usuns (V century BC – V century AD)], *Nauchnyj doklad na soiskanie uchenoj stepeni doktora istoricheskix nauk* [Scientific report for the degree of Doctor of Historical Sciences], (Moscow, 1986, 49) [in Russian].

Baipakov K.M. Osedlost', zemledelie i gorodskaja zhizn' u sakov i usunej Zhetysu (VII v. do n. je. - IV v. n. je.) [Settlement, agriculture, and urban life among the Saks and Usuns of Zhetysu (VII century BC – IV century AD)], *Fenomen kochevnichestva v istorii Evrazii. Nomadizm i razvitie gosudarstva: Sbornik materialov Mezhdunarodnoi nauchnoi konferencii (g. Almaty, 19-20 dekabrya, 2005 g.)* [Nomadism phenomenon in the history of Eurasia. Nomadism and State development: collection of materials of the International Scientific Conference (Ufa). Almaty, December 19-20, 2005 // Ed. by I.V. Yerofeyeva, L.E. Masanova], (Almaty, 2007, 65-66) [in Russian].

Baipakov K.M. Drevnjaja i srednevekovaja urbanizacija Kazahstana (po materialam issledovanij Juzhno-Kazahstanskoj kompleksnoj arheologicheskoy jekspedicii). Kniga I. Urbanizacija Kazahstana v

jepohu bronzy - rannem srednevekov'e [Ancient and medieval urbanization of Kazakhstan (based on the research materials of the South Kazakhstan complex archaeological Expedition). Book I. Urbanization of Kazakhstan in the Bronze Age - Early Middle Ages], (Almaty, 2012, 390) [in Russian].

Bartol'd V.V. Oчерk istorii Semirech'ja [An essay on the history of Semirechye], (Frunze, 1943, 102) [in Russian].

Bernshtam A.N. Pamjatniki stariny Talasskoj doliny [Ancient monuments of the Talas Valley] (Alma-Ata, 1941. – 66) [in Russian].

Bernshtam A.N. Istoriko-arheologicheskie oчерki Central'nogo Tjan'-Shanja i Pamiro-Alaja [Historical and archaeological sketches of the Central Tien Shan and Pamir-Alai] Materialy` issledovaniya po arхеologii SSSR [Materials of research on the archeology of the USSR], Vol. 26, (Moscow-Leningrad, 1952, 346) [in Russian].

Bernshtam A.N. Arheologicheskie raboty v Juzhnom Kazahstane [Archaeological work in Southern Kazakhstan], Sovetskaya e`tnografiya [Soviet ethnography], (Moscow-Leningrad, 1949, 111-133) [in Russian].

Bernshtam A.N. K voprosu ob usun'kushan i toharah [To the question of the Usun//Kushan and Tokhars], Kratkie soobshheniya o dokladax i polevy`x issledovaniyax Instituta Istorii material'noj kul'tury` [Brief reports on the reports and field studies of the Institute of the History of Material Culture], 3, (Moscow, 1947, 41-47 ) [in Russian].

Bernshtam A.N. Pamjatniki stariny Almatinskoj oblasti [Ancient monuments of Almaty region], Izvestiya AN KazSSR, seriya arхеologicheskaya [Izvestia of the Academy of Sciences of the Kazakh SSR. Archaeological series.], 1, 79-91(1948) [in Russian].

Bernshtam A.N. Arheologicheskij oчерk Severnoj Kirgizii [Archaeological sketch of Northern Kyrgyzstan], Materialy` i issledovaniya po istorii kirgiz i Kirgizstana [Materials and research on the history of the Kirghiz and Kyrgyzstan], 4, (Frunze, 1941, 109) [in Russian].

Bernshtam A.N. Proshloe rajona Alma-Ata. Istoriko-arheologicheskij oчерk [The past of the Alma-Ata district. Historical and archaeological essay], (Alma-Ata, 1948, 19). [in Russian].

Bernshtam A.N. Zolotaja diadema iz shamanskogo pogrebenija na r. Kargalinke [The golden diadem from the shamanic burial on the Kargalinka River], Kratkie soobshheniya o dokladax i polevy`x issledovaniyax Instituta Istorii material'noj kul'tury` [Brief reports on reports and field studies of the Institute of the History of Material Culture], 5, (Moscow-Leningrad, 1940, 23-31) [in Russian].

Bernshtam A.N. Arheologicheskij oчерk Severnoj Kirgizii [Archaeological essay of Northern Kyrgyzstan], Materialy` i issledovaniya po istorii kirgiz i Kirgizstana [Materials and research on the history of Kirghiz and Kyrgyzstan], 4, (Frunze, 1941, 109) [in Russian].

Bernshtam A.N. Osnovnye jetapy istorii kul'tury Semirech'e i Tjan'-Shanja [The main stages of the cultural history of Semirechye and Tien Shan], Sovetskaya e`tnografiya [Soviet archaeology], Vol. 9, (Moscow, 1949, 337-384) [in Russian].

Voevodskij M.V., Grjaznov M.P. Usun'skie mogil'niki na territorii Kirgizskoj SSR [Usun burial grounds on the territory of the Kyrgyz SSR], Vestnik drevnej istorii [Bulletin of Ancient History], 3(4), (Moscow, 1938, 162-179) [in Russian].

Ganieva A.S. Izuchenie kul'tury usunej: istorija i sovremennost' [Study of the Usun culture:History and modernity], Izvestiya NAN RK. Seriya obshhestvenny`x nauk. [Izvestiya NAS RK. Social Sciences Series], 1 (253), 240–245 (2007) [in Russian].

Ganieva A.S. Erte temir dauirindegi Zhetisu onirindegi ui kyrylysynyng ezhelgi dasturleri [Ancient traditions of house-building in the Zhetysu region of the early Iron Age], «XIV Orazbaev oқulary`» xaly`karaly`q ry`ly`mi-әdistemelik konferenciya materialdary` Almaty`, 28-29 қазан. Zhauapty` red. R.S. Zhymataev [Materials of the international scientific and methodological conference “XIV Orazbayev readings” Almaty, October 28-29. Responsible Editor Ed. R. S. Zhumatayev], (Almaty, 2022. - 98-102) [in Kazakh].

Ganieva A.S. Stacionarnye pamjatniki kochevnikov v jepohu rannego zheleznogo veka (Zhetysu): voprosy paleourbanistiki [Stationary monuments of nomads in the Early Iron Age (Zhetysu): questions of paleourbanistics], Materialy` Mezhdunarodnogo nauchno-prakticheskogo foruma «Istoricheskaya urbanistika Kazaxstana: aktual'ny`e voprosy` teorii i praktiki», 22 aprelya. Otv. red. Zh.E. Nurbaeva [Materials of the International scientific and practical Forum “Historical urbanism of Kazakhstan: topical issues of theory and practice”, April 22. Responsible Editor J.E. Nurbaev], (Astana, 2022, 57-67). [in Russian].

Gorjachev A.A. Ob ustrojstve poselenij rannego zheleznogo veka Zhetysu [About the structure of settlements of the early Iron Age Zhetysu], Povolzhskaya arхеologiya [Volga archeology], 3 (29), 80-97 (2019) [in Russian].

Gorjachev A.A., Saraev V.V. K voprosu o hozjajstvenno-kul'turnom razvitii drevnego naselenija Almaty [On the economic and cultural development of the ancient population of Almaty] *Izvestija NAN RK. Ser.obshhestv. i gum. nauk* [Izvestiya NAS RK. Ser.societies. and gum. sciences], 6 (304), 5-18 (2015) [in Russian].

Dosymbaeva A.M. Pogrebal'nye sooruzhenija naselenija Semirech'ja v period so II v. do n. je. do serediny I tysjacheletija n. je. [Burial structures of the population of Semirechye in the period from the II century BC to the middle of the I millennium AD], *Izvestija NAN RK. Ser. obshhestv. nauk* [News of the Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan. Social Sciences series], 2, 25-31 (1996) [in Russian].

Dosymbaeva A. Osobennosti jetnokul'turnogo processa v Semirech'e vo II v. do n.e. [Features of the ethnocultural process in Semirechye in the II century BC], *Novosti arxeologii* [News of Archeology], 1, 45-51 (1997) [in Russian].

Zholdasbaev S.Zh. Zhetisu tarihy [History of semirechye], (Almaty, 1996, 286) [in Kazakh].

Zadneprovskij Ju.A. Ob jetnicheskoy prinadlezhnosti pamjatnikov kochevnikov Semirech'ja usun'skogo perioda II v. do n.je. – V v. n.je. [About the ethnicity of the monuments of the nomads of the Semirechye of the Usun period of the II century BC –V century AD], *Strany` i narody` Vostoka* [Countries and peoples of the East], T. X, (Moscow, 1971, 27-36) [in Russian].

Zuev Ju.A. K Voprosu o vzaimootnoshenijah usunej i kanczjuj s gunnami i Kitaem vo vtoroj polovine I veka do nashej jery [To the question of the relationship of the Usuns and Kangju with the Huns and China in the second half of the I century BC], *Izvestiya AN KazSSR. Seriya istorii, e'konomiki, filosofii i prava* [Izvestiya AN KazSSR. A series of history, economics, philosophy and law], rel. 2, 61–72 (1957) [in Russian].

Kazakstan tarihy (kone zamannan buginge dejin) [History of Kazakhstan (from ancient times to the present)], Vol. 1, (Almaty, 1996, 544 p) [in Kazakh].

Kytaj zhylnamalaryndagy kazak tarihy derekteri (b.z.b. 177-b.z. 222 zhzh.). (Gylymi zhetekshisi G. Myrzahanuly) [Sources of Kazakh history in the annals of China (177 BC – 222 ad). (Scientific supervisor G. Myrzakhanuly)], (Almaty, 2006, 296 p.) [in Kazakh].

Omarov G.K. Shygys Kazakstannyn erte temir dauiri [Early Iron Age of East Kazakhstan], (Almaty, 2015, 256 p.) [in Kazakh].

Otchet o rabote Semirechenskoj arheologicheskoi ekspeditsii v 1992 g. [The report on the work of the Semirechensky archaeological expedition in 1992], А.Н. Марғұлан ат. Археология институты архиви [A.Kh. Margulan. Archive of the Institute of archeology], fund 1, №10, inv. № 31-92, 102 p. [in Kazakh].

Pantusov N.N. Opisanie raskopok treh kurganov, nahodjashhihsja na zapadnoj storone g. Vernogo v aprele-mae 1899 g. [Description of the excavations of three mounds located on the western side of the city of Vernoye, in April and May 1889], *Protokoly` Turkestanskogo kruzha lyubitelej arxeologii* [Protocols of the Turkestan circle of archeology lovers], s. 105-117, year IV. (Tashkent, 1899b. 105-113) [in Russian].

Sviridov A.N. Usuni Semirech'e: voprosy jetnokul'turnoj i hozjajstvennoj interpretacii (sovremennye sostojanie problemy) [Usuni Semirechye: issues of ethnocultural and economic interpretation (current state of the problem)], *Vestnik NGU, serija istorija, filologija* [Bulletin of NSU, series history, philology], 11(7), 45-49 (2012) [in Russian].

Toleubaev A.T. Ertegedi ujsinderdin Tarbagatajdyn teriskejindegi eskertkishteri [Monuments of early uysins in Tarbagatai teriskei], *QazMU habarshysy. Tarih serijasy* [Bulletin of Kazsu. History series], 12, 23-38 (1999) [in Kazakh].

Trudy Semirechenskoj arheologicheskoi jekspedicii. «Chujskaja dolina» [Proceedings of the Semirechensky archaeological expedition. Chuisкая dolina], *Materialy i issledovanija po arheologii SSSR* [Materials and research on archeology of the USSR], Vol. 14, (Moscow-Leningrad, 1950, 249) [in Russian].

## Авторлар туралы мәліметтер:

**Ганиева Айнагүл Сәбитқызы** – тарих ғылымдарының кандидаты, Ә.Марғұлан атындағы Археология институтының жетекші ғылыми қызметкері, Алматы, Қазақстан.

**Айтбаева Айгерім Есімханқызы** – PhD, Ә.Марғұлан атындағы Археология институтының жетекші ғылыми қызметкері, Алматы, Қазақстан.

**Мананова Әлия Мерекеқызы** – тарих ғылымдарының кандидаты, Ә.Марғұлан атындағы Археология институтының жетекші ғылыми қызметкері, Алматы, Қазақстан.

### Сведения об авторах:

*Ганиева Айнагуль Сабитовна* – кандидат исторических наук, ведущий научный сотрудник, Институт археологии им. А. Маргулана, Алматы, Казахстан.

*Айтбаева Айгерим Есимхановна* – PhD, ведущий научный сотрудник, Институт археологии им. А. Маргулана, Алматы, Казахстан.

*Манапова Алия Мерекеевна* – кандидат исторических наук, ведущий научный сотрудник, Институт археологии им. А. Маргулана, Алматы, Казахстан.

### Information about the authors:

*Ganiyeva Ainagul Sabitovna* – Candidate of Historical Sciences, Leading Researcher, Institute of Archaeology named after A.Kh. Margulan, Almaty, Kazakhstan.

*Aitbaeva Aigerim Yesimkhanovna* – PhD, Leading Researcher, Institute of Archaeology named after A.Kh. Margulan, Almaty, Kazakhstan.

*Manapova Aliya MEREKEEVNA* – Candidate of Historical Sciences, Leading Researcher, Institute of Archaeology named after A.Kh. Margulan, Almaty, Kazakhstan.



**Copyright:** © 2023 by the authors. Submitted for possible open access publication under the terms and conditions of the Creative Commons Attribution (CC BY NC) license (<https://creativecommons.org/licenses/by-nc/4.0/>).